

**Республикалық меншікке жататын орта мерзімді кезеңге (2015 – 2017 жылдарға) концессияға ұсынылатын объектілердің тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 21 шілдедегі № 553 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 20 тамызда № 11911 болып тіркелді

«Концессиялар туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған республикалық меншікке жататын орта мерзімді кезеңге (2015 – 2017 жылдарға) арналған концессияға ұсынылатын объектілердің тізбесі бекітілсін.

2. «Орта мерзімді кезеңге (2014 – 2016 жылдарға) концессияға беруге ұсынылатын объектілердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2014 жылғы 27 мамырдағы № 156 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9540 болып тіркелген).

3. Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық экономика министрі

Қазақстан Республикасы  
Е. Досаев

Қазақстан  
Қаржы

«КЕЛІСІЛДІ»  
Республикасының  
министрі  
Б. Сұлтанов

2015 жылғы 20 шілде

Қазақстан

Республикасының

Ұлттық

экономика

министрінің

2015

жылғы

21

шілдедегі

№ 553 бұйрығымен бекітілген

**Республикалық меншікке жататын орта мерзімді кезеңге  
(2015 – 2017 жылдарға) концессияға ұсынылатын  
объектілердің тізбесі**

Р / с №	Атауы
1	2
1 Реконструкциялануы және пайдаланылуы концессия шарты негізінде жүзеге асырылатын жұмыс істеп тұрған мемлекеттік меншік объектілері	
2. Құрылуы және пайдаланылуы концессия шарттары негізінде жүзеге асырылатын объектілер	
1.	«Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы» (ҰАААЖ) автомобиль жолын салу және пайдалану

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК